



Ақмешіт

1 наурыз
сенбі

№16 (2129)

2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Тыныс-тіршілігімізге нәр берген шұғылалы көктем келді. Бұл табиғаттың жанаруы, жаңа өмірдің бастауы. Жер-Ананың тонын жібіткен мезгілдің алғашқы күнінде соңғы жылдары тамыры тереңде жатқан Алғыс айту күні ерекше тойланады. Расында, жанындағы жақсы жандарға ризашылық білдірудің маңызы өте зор. Қазақта «Қарғыс алма, алғыс ал» деген сөз бар. Біреудің шынайы алғысына бөлену адамға үлкен рухани күш береді. Алғыс білдіру арқылы адамдар арасындағы өзара құрметі анғарылады.

«Ел алғысын алсаң, елеулісі боларсың» деп аталарымыз ұрпағына үнемі осындай ізгілікті өсиет еткен. Бұл адамның адамға деген шынайы ниетін білдіреді. Бабалардан қалған бұл үрдіс бүгінде өз жалғасын табуда.

МЕЙІРІМ ТӨГІЛГЕН КҮН



Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылу күнімен тұспа-тұс келген бұл мерекенің біздің қоғамдық-саяси өміріміздегі орны ерекше. Ол тарихтан сыр шертетін тағлымды мереке ретінде бағаланады. Қазіргі таңда елімізде сан түрлі ұлттар мен ұлыстар тату-тәтті өмір сүруде. Ең алдымен, атаулы күн елімізде тыныштық пен үндестік, сенімділік пен құрметтің орнығуына негіз болған бейбітшілік пен келісімнің мерекесі ретінде бағаланады. Ол – Тәуелсіз Қазақстан құру жолында аянбай тер төккен ел азаматтарының бір-біріне құрмет көрсетуі. Кешегі қиың заманда қазақ халқы тағдырдың жазуымен елге келген өзге этнос өкілдеріне құшағын кең жайып, бауырына тартты, бір ұзым нанмен бөлісті. Өздерінің тұрмыстық жағдайы оңып тұрмаса да қазақ отбасылары оларды панасына алып, қамқорлық танытты. Олардың бәрі Қазақстанда орнығып, қиын кезеңді қазақ халқымен бірге еңсерді. Сондықтан елдегі мерекелер қатарының Алғыс айту күнімен толығыуы игілікті іс болды.

2-БЕТТЕ

ПЛАСТИКТЕН БАС ТАРТУ МҮМКІН БЕ?



Соңғы онжылдықтарда пластмассаның өндірісі күрт өсіп, оның қоршаған ортаға тигізетін зияны да арта түсті. Мұхиттар мен өзендер, топырақ және ауаға пластик қалдықтарының жиналуынан қауіп төнуде. Микропластиктер адам ағзасына, жануарларға және экожүйелерге елеулі зиян келтіруде. Пластиктің қоршаған ортаға тигізетін әсері, оның ластану жолдары және ықтимал шешімдері қандай? Зерттеп көрелік...

3-БЕТТЕ

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Ел тарихындағы айтулы күндердің бірі – 1 Наурыз. «Алғыс айту» күні ретінде атап өтетін бұл күннің маңызы зор. Бұл күні өзге ұлт өкілдері өз шаңырағына айналған киелі қазақ жеріне, еліне ризашылықтарын білдіреді. Тағдыр айдап қазақ жеріне келіп, осы елді паналаған түрлі ұлттар мен ұлыс өкілдері қанша жыл өтсе де қазақтың жақсылығын ұмытқан жоқ.



ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ АЛҒЫС АЙТАМЫЗ



2-БЕТТЕ



ҚАНДАЙ ҚЫМЫЗ ІШІП ЖҮРМІЗ?

Қымыздың қадірін қазақтан артық кім білген? Қымыз сусын ғана емес, дертке шипа, түрлі ауруларға таптырмас ем болар қасиеті бар. «Биенің сүті – сары бал, қымыздан асқан дәм бар ма?» деп Ақтамберді жырау жырлағандай, қымыздың қасиеті туралы айтып тауыса алмаймыз.

Қазіргі таңда дүкендерде әртүрлі қымыздар көбейді. «Балқымыз», «Башқұрт қымыз» керек пе, бәрі бар. Көбі Ресейден келетін бұл өнімнің сыртында «халал» сертификаты және бар. Мұны анықтау үшін ҚМДБ халал орталығына хабарластық. Айтулары

бойынша, шетелден келетін қымыздарға сертификат бермеген. Яғни ол қымыз өндірілген елде бірден жапсырылып келеді екен.

4-БЕТТЕ

«Facebook»-сыз бір күн: Цифрлық үзіліске дайынсыз ба?



Бұл күннің нақты шығу тарихы белгісіз, бірақ 2010 жылдың басында әлеуметтік желілерге тәуелділік пен пайдаланушылардың жеке деректерінің құпиялылығына қатысты пікірталастар аясында танымал бола бастады. Бұл бастаманы адамдардың әлеуметтік желіде көп уақыт өткізуіне алаңдаушылық білдірген тәуелсіз белсенділер көтерді. Соңғы жылдары зерттеулер әлеуметтік желілерді үнемі пайдалану мазасыздық, депрессия туғызатынын және зейін қою қабілетін төмендететінін дәлелдеді. «Facebook»-сыз бір күн – әлеуметтік желілерсіз өмір сүру қаншалықты қиын екенін және онсыз бос уақытты қалай өткізуге болатынын тексерудің бір мүмкіндігі.

Бұл күннің басты мақсаты – адамдарға әлеуметтік желілерге қанша уақыт бөлетінін және оған қаншалықты тәуелді екенін түсінуге мүмкіндік беру. Сондай-ақ ол кітап оқу, таза ауада серуендеу және әлеуметтік желілерге кететін уақыттың орнына пайдалы істермен айналысу керектігін еске салады. Сонымен қатар бұл күн цифрлық қауіпсіздік пен жеке деректерді қорғаудың маңыздылығына назар аудартуға бағытталған. «Facebook» жеке ақпараттың таралуы бойынша бірнеше рет дауға іліккен, сондықтан цифрлық белсенділікке мұқият қараудың маңызы зор.

4-БЕТТЕ

ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА ӘДІСІ НЕМЕСЕ ҒЫЛЫМҒА ДЕН ҚОЙҒАН ЖАС БУЫН

Қаладағы №212 мектеп-гимназиясында «Жасанды интеллект арқылы өлкенің тарихын зерттеу және басқару» тақырыбында облыстық семинар өтті. Іс-шараға облыстағы білім беру саласының өкілдері, мұғалімдер мен оқушылар қатысты. Семинардың негізгі мақсаты – жасанды интеллектті қолдану арқылы аймақтың тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, жүйелеу және жаңғырту.



Семинар қонақтары ұлттық мәдениеттің көрінісі ретінде қазақ халық аспаптарының әуенімен қарсы алды. Мектептің фойесінде республикалық және облыстық ғылыми байқауларда жүлделі орындарға ие болған оқушылар өз жобаларын таныстырса, Қызылорда қаласының тарихына қатысты архивтік және қонақ фотосуреттер көрмесі қойылып, келген қонақтарға ерекше әсер сыйлады. Бұл жұмыстардың барлығы тарихи зерттеулерге инновациялық көзқарас ұсынатын ерекше ғылыми еңбектер болды. Семинар барысында білім беру саласында жасанды интеллекттің мүмкіндіктері, тарихи деректерді талдау әдістері және өлке тарихын зерттеудегі жаңа бағыттар жан-жақты қарастырылды. Сонымен қатар оқушылар зерттеу жұмыстарын таныстырып, ғылыми ізденістерінің нәтижелерін көрсетті. Семинар аясында мектеп оқушысы Нұрай Сарсенбай ғылыми жобасын таныстырды. Зерттеу жұмысы республикалық ғылыми байқауда жүлделі I орынға ие болған. Нұрай өз зерттеуінде Сыр өңірінен соғысқа аттанған корей жауынгерлерінің есімдерін анықтап, олардың майдандағы ерліктері туралы тың деректер жинағанын айтты.

– Ғылыми жоба тақырыбы – «Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Сыр өңірі көрестері». Жетекші – Зинара Атеева. Бұл зерттеуді бастаудағы негізгі мақсатым – Ұлы Отан соғысына қатысқан корей ұлты өкілдерінің жеңіске қосқан үлесін анықтау. Мен осы мектеп түлегі Айзат Ерболдың ғылыми зерттеуін жалғастырып жатырмын. Ол өз жұмысында бірнеше корей ардагерлерінің өмір жолын зерттеген. Мен, бұл тақырыпты тереңірек зерттеп, тың мәліметтер жинауға ізденіп жүрмін, – дейді ол.

2-БЕТТЕ

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»



АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ –180

ОН ЕКІНШІ ҚАРА СӨЗ

Кімде-кім жақсы дүр, жаман дүр ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тығоға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз...

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ...

– Осы сендер ертең мені алтынмен аптап, күміспен күштеп қоямысындар, әлде???

Еламан анасының осы бір аламан тасыр мінезін түсінбей-ақ қойды. Бәрін дүниемен, ақшаның өлшемімен бағалайтын анасына кейде қайран қалады.

НАМЫС ОТЫ

Әжесі ешкімге міндет артқан емес, тіпті дауыс көтермейді. Өңгімесі де жүрекке жылы. Әже баласының мінезі үйдегі алты балаға тіпті ұқсамайды.

Анасы бүгін де үйден ертелеге асығыс-үсігіс шықты. Өңгімесінен түсінгені бір мекемеге ақша сұрауға бара жатыр.

– Заман болса қиындап барады. Бәрі қымбат. Ішерге асымыз жоқ...

– Тәйт, қайдағыны айтпай. Шүкіршілік етпейсің бе?! Тамағың тоқ, көйлегің көк. Аштық дегенді сендер көрген жоқсындар.

– Ой, ана, сіз де айтасыз. Қазір заман өзгерді. Сіздердің кездеріңіздей дастарханда нан бар екен деп отырғын заман емес.

– Зейнетақым бар, мыналардың жәрдемдесі бар, күйеуіңнің айлығы

бар, неменеге жылай бересің? Шүкіршілік керек, қарағым.

– Ойбууу, ол шырағымның айлығы неге жетеді? Мына телевизордың кредитін жаба алмай әлі жүрміз. Біз де сәнді ел қатарлы бой түзегіміз келеді, біз де дастарханды түрлі тәттіге толтырып қойғымыз келеді, біз де...

– Қоя ғой, енді. Шүкіршілік керек. Ақшадан да биік нәрселер бар, шырағым.

– Ақша болмаса, адам емессің қазір!!! Анасы осылай деді де, сыртқы есікті тарс жапты. Келінінің ісіне қатты ренжігені әжесінің жүзінен білініп тұр.

Тәрбие сағаты әдемі өтуде. Ісіне тап-тұйақтай Еламан мұғалімнен мақтау естіп бір желініп қалды. Кенет... Кенет барлығын такылдақ Жұлдызайдың даусы бүзды.

– Апай, кеше Еламанның анасы «ашпын» деп көшеге шығып айқайлапты. Видеоы телефонда жүр.

– Тоқта! Мұғалімнің өзі де есін енді жинамай бұйрық берді. Сыныпта бір сәт үнсіздік орнады. Ауыр үнсіздіктен, жүрген жаралаған мұндай қорлықтан қонырау үні құтқарды.

– Шәйнекті ауық-ауық сарылдата құйып, кесені шүмілдетте толтырған Базарқұлдың құлағында телефон. Бүгінгі ісіне риза сияқты. Ар жағындағы құрбысына рахаттана айтып, бір-бірің қуаттап жатыр.

– Үндемесен, ешкім ештеңе бермейді. Айқайды салдым. Енді ертең азық-түлік сұрап барамыз, арғыкүні қандай көмек берілетінін сұраймыз.

Улкен шаруа бітіргендей, даусы жарқын. Дастарханды тез қайыра сап айнаға қарады. Жасанды кіріпті де

«Facebook»-сыз бір күн: Цифрлық үзіліске дайынсыз ба?

Мерекені қалай атап өтеді?

«Facebook»-тан 24 сағатқа бас тарту – осы күннің негізгі ережесі. Алайда оны әркім өзіне ыңғайлы түрде өткізе алады.

- Цифрлық детокс – хабарландыруларды өшіру, әлеуметтік желілерден шығу және нақты өмірге назар аудару.
• Тікелей қарым-қатынас – достармен және жақындармен кездесу ұйымдастыру.
• Хобби мен қызығушылықтар – кітап оқу, спорт, шығармашылық немесе басқа да сүйікті істермен айналысу.


«Facebook» туралы қызықты деректер

«Demandsage.com» сайтында жарияланған мәліметтерге сүйенсек, «Facebook» – бүкіл әлемдегі ең танымал әлеуметтік медиа платформасы.

Басы 1-бетте

миллиарды құрайды, бұл оның айлық пайдаланушыларының 68,73 пайызын қамтиды. «Facebook»-тің ең үлкен аудиториясы Үндістанда орналасқан, оның 375 миллион пайдаланушысы бар.

Қазіргі уақытта «Facebook» бүкіл әлем бойынша 3,07 миллиард ай сайынғы белсенді пайдаланушыға ие. Жалпы әлемдегі 5,17 миллиард әлеуметтік желі пайдаланушысының 59,38 пайызы «Facebook»-ті қолданады.



«Facebook»-тің бір айдағы белсенді пайдаланушылары 2014 жылы 1,39 миллиардтан 2025 жылы 3,07 миллиардқа дейін өсті, бұл 10 жыл ішінде 120,86 пайызға өскенін көрсетті.

С.ТЕМІРБОЛАТ



ҚАНДАЙ ҚЫМЫЗ ІШІП ЖҮРМІЗ?

Әлеуметтік желілерде жастардың қымыз ішіп, мас болғаны туралы жазбалар соңғы кезде жиі кездесіп жүр. Құрамы белгісіз бұл сусын көбіне шет мемлекеттен келеді.

– Жақында досыммен қымызханаға барып, қымыз сатып алдық. Екеуіміз 1 литр қымыздан соң өзімізді жайсыз сезіне бастадық. Сөйтіп, аздап масайғанмызды сездік.

– Біздің зауыт Қазақстан бойынша жұмыс істеп жатқан үлкен компания. Биеңі сауып, арнайы аппараттармен ұнтақ сүтке айналырамыз.

Басы 1-бетте

Шет мемлекеттен келетін сусындарды тексеріп жатқан ешкім жоқ. Қымызды балалар да, оқушылар да ішіп мээ болады.

– Қымыз сақтау мерзіміне байланысты әртүрлі болады. Ал менің сатып отырғаным таза қымыз. Оны ішкеннен кейін ауыздан ішімдіктің иісі шықпайды.

Көш, ішкен адамды масайтатын қымыздың әсерін зерттеп көрдік. Осыдан бірнеше күн бұрын көліміне абайсызда бір көлік соғып кетті. Содан не керек, полиция шақыртып, облыстық наркология орталығына апарып, «алкостетестер» апаратымен тексерді.

Думан КЕЦШІЛІК

Меншік иесі:



Бас директор МАРАТ АРАЛБАЕВ
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір -1013, 1018,1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ТSO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызметкерімен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын авторын, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басыа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сар медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.
Таралымы 4002 Тиражы №348